

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Қайнарбұлақ ауылдық округінің әкімінің 2020 жылғы 2 қарашадағы № 5 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 қарашада № 6066 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Қайнарбұлақ ауылдық округінің әкімінің 2021 жылғы 28 қаңтардағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Қайнарбұлақ ауылдық округінің әкімінің 28.01.2021 № 1 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 "Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 11940 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Қарқаралы ауданының Қайнарбұлақ ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қайнарбұлақ ауылдық округі Аппаз ауылының аумағында ірі қара малдарының арасынан құтыру ауруы шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Ветеринариялық-санитариялық, сауықтыру және шектеу іс-шаралары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өткізілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

әкім

Ж. Тилемисов